

"Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту" жобасына қатысқан жалпы білім беретін мектептердің оқушылары мен мұғалімдері арасында "Kostanay Edu Hackathon 2024" |жаратылыстану-ғылыми және білім беру пәндерінің байқауы

13.12.2024 жылы Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай қаласы білім бөлімінің "IQOSTANAY" оқушылар сарайы" КММ-де "Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту" жобасына қатысқан жалпы білім беретін мектептердің оқушылары мен мұғалімдері арасында "Kostanay Edu Hackathon 2024" |жаратылыстану-ғылыми және білім беру пәндерінің байқауы өткізілді. Мақсаты: инновациялық білім беру ортасын қолдау және дамыту, оқушылар мен мұғалімдердің STEAM-білім беруге ынтасын арттыру және заманауи жабдықтарды оқу процесіне интеграциялау. Аталған байқауға біздің мектеп-гимназиямыздан 9 "А" сыныбынан Рамазан Ә, Ақылбек Ш, 10 "Б" сыныбынан Қуаныш М, физика пәнінің мұғалімі Жабағы Е.Ғ., информатика пән мұғалімдері Дүйсенов Қ.А., Тұрғанбек И қатысты. Аталған сайыста оқушылар 3 сағат көлемінде жоба жасап, қорғады. Сайыс қорытындысы бойынша қатысушыларымыз сертификатқа ие болды.

